

2017-2018 оқу жылына техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 11 қыркүйектегі № 359 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 6 қазанда № 4340 болып тіркелді

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2017-2018 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Алматы облысының білім басқармасы", "Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы", "Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемелері техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды және қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. "Алматы облысының білім басқармасы", "Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемелері техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында мамандарды даярлауға 2017-2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Алматы облысы әкімдігінің "2016-2017 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" 2016 жылғы 10 тамыздағы №427 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3951 тіркелген, 2016 жылдың 24 қыркүйегінде "Жетісу" және "Огни Алатау" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Омар Жақсылық Мұқашұлына жүктелсін.

6. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысы әкімінің
міндетін атқарушы*

Л. Тұрлашов

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы "11"
қыркүйектегі № 359 қаулысына қосымша

2017-2018 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

| № | Мамандықтар атауы | Біліктіліктер атауы | Саны (орын) | Оның ішінде | |
|----|---|---|------------------------|--------------------------|---------------------------|
| | | | | 9 сынып базасы негізінде | 11 сынып базасы негізінде |
| 1 | 0101000 "Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу" | 0101013 "Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі" | 100 | 75 | 25 |
| 2 | 0103000 "Дене тәрбиесі және спорт" | 0103023 "Дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі" | 75 | 50 | 25 |
| 3 | 0104000 "Кәсіптік білім беру" | 0104023 "Өндірістік оқыту шебері, техник (барлық аталымдар бойынша)" | 75 | 75 | 0 |
| 4 | 0105000 "Бастауыш білім беру" | 0105013 "Бастауыш білім беру мұғалімі" | 200 | 150 | 50 |
| 5 | | 0105033 "Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі" | 125 | 100 | 25 |
| 6 | 0107000 "Технология" | 0107013 "Технология пәнінен негізгі орта білім беру мұғалімі" | 25 | 0 | 25 |
| 7 | 0108000 "Музыкалық білім беру" | 0108013 "Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка пәнінің мұғалімі" | 50 | 50 | 0 |
| 8 | 0111000 "Негізгі орта білім беру" | 0111023 "Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі" | 25 | 25 | 0 |
| 9 | | 0111033 "Ұйғыр тілі мен әдебиеті мұғалімі" | 25 | 25 | 0 |
| 10 | | 0111053 "Өзін-өзі тану мұғалімі" | 25 | 25 | 0 |
| 11 | | 0111093 "Информатика мұғалімі" | 25 | 25 | 0 |
| 12 | 0301000 "Емдеу ісі" | 0301013 "Фельдшер" | 120 | 0 | 120 |
| 13 | | 0301023 "Акушер" | 25 | 0 | 25 |
| 14 | 0302000 "Медбикелік ісі" | 0302033 "Жалпы практикадағы медбике" | 140 | 0 | 140 |
| 15 | 0305000 "Лабораториялық диагностика" | 0305013 "Медициналық зертханашы" | 20 | 0 | 20 |
| 16 | 0401000 "Кітапхана ісі" | 0401013 "Кітапханашы" | 25 | 0 | 25 |
| 17 | 0402000 "Дизайн" | 0402022 "Көркемдік-әсемдеу жұмыстарын орындаушы" | 25 | 25 | 0 |
| 18 | 0403000 "Әлеуметтік-мәдени қызметі және халықтық көркемдік шығармашылығы" | 0403013 "Ұйымдастырушы-педагог" | 85 | 50 | 35 |
| 19 | | 0404013 "Балалар музыка мектебінің оқытушысы, концертмейстер" | 4 | 4 | 0 |

| | | | | | |
|----|---|--|-----|-----|-----|
| 20 | 0404000 "Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы" | 0404023 "Балалар музыка мектебінің оқытушысы, ансамбль, оркестр әртісі (жетекшісі)" | 5 | 5 | 0 |
| 21 | | 0404033 "Балалар музыка мектебінің оқытушысы, халық аспаптар оркестрінің әртісі (жетекшісі)" | 16 | 14 | 2 |
| 22 | 0405000 "Хор дирижеры" | 0405013 "Оқытушы, хормейстер" | 12 | 9 | 3 |
| 23 | 0407000 "Ән салу" | 0407013 "Балалар музыка мектебінің оқытушысы, академиялық ән салу әртісі, ансамбль солисі" | 3 | 3 | 0 |
| 24 | | 0407023 "Балалар музыка мектебінің оқытушысы, домбырамен халық әндерін орындау әртісі" | 12 | 7 | 5 |
| 25 | 0506000 "Шаштараз өнері және сәндік косметика" | 0506012 "Шаш үлгілерін жасаушы" | 275 | 175 | 100 |
| 26 | 0507000 "Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру" | 0507042"Әкімшілік көмекшісі" | 25 | 0 | 25 |
| 27 | 0508000 "Тамақтандыруды ұйымдастыру" | 0508012 "Аспаз" | 954 | 800 | 154 |
| 28 | | 0508022 "Кондитер" | 50 | 50 | 0 |
| 29 | 0516000 "Қаржы" | 0516053 "Қаржы жұмысы бойынша экономист" | 50 | 50 | 0 |
| 30 | 0518000 "Есеп және аудит" | 0518033 "Экономист-бухгалтер" | 75 | 50 | 25 |
| 31 | 0816000 "Химиялық технология және өндіріс" | 0816022 "Химиялық талдау зертханашысы" | 25 | 25 | 0 |
| 32 | 0901000 "Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары" | 0901012"Электромонтер" | 50 | 25 | 25 |
| 33 | 0902000 "Электрмен қамтамасыз ету" | 0902012"Тарату құрылғылары бойынша электр құрастырушы" | 100 | 75 | 25 |
| 34 | 0910000 "Электр және электр механикалық жабдықтар" | 0910022 "Күш желілері және электр жабдықтары бойынша электр монтаждаушы" | 25 | 25 | 0 |
| 35 | 0911000 "Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу" | 0911032"Электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі электр монтері" | 25 | 25 | 0 |
| 36 | 1013000 "Механикалық өңдеу, өлшеу-бақылау құралдары және өндірістегі автоматика" | 1013062 "Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика бойынша слесарі" | 18 | 18 | 0 |
| 37 | 1108000 "Темір жол жылжымалы құрамдарын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету" | 1108012 "Слесарь -вагондарды қараушы" | 25 | 25 | 0 |
| 38 | 1109000 "Токарлық іс және металл өңдеу" | 1109012 "Токарь" | 67 | 67 | 0 |
| 39 | 1114000 "Дәнекерлеу ісі" | 1114042 "Электргазымен дәнекерлеуші" | 805 | 575 | 230 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|----|--|--|-----|-----|----|
| 40 | 1201000 "Автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану" | 1201062 "Автокөліктердің электр құрылғыларын жөндеуші электрик" | 245 | 205 | 40 |
| 41 | | 1201072 "Автокөлікті жөндеу слесарі" | 417 | 392 | 25 |
| 42 | | 1201092 "Көліктерді жөндеу шебер" | 50 | 50 | 0 |
| 43 | 1211000 "Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу" | 1211032 "Тігінші" | 50 | 25 | 25 |
| 44 | | 1211062 "Арнайы тігінші" | 200 | 175 | 25 |
| 45 | 1219000 "Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі" | 1219092 "Кондитер" | 100 | 75 | 25 |
| 46 | 1223000 "Сыра, алкогольсыз және спиртті ішімдіктер өндірісі" | 1223062 "Ашытылу процесінің операторы" | 25 | 25 | 0 |
| 47 | 1224000 "Сүт өнімдерінің өндірісі" | 1224052 "Қаймағы алынбаған және ашымалы сүт өнімдерін жасау шебері" | 25 | 25 | 0 |
| 48 | 1226000 "Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыруы" | 1226022 "Көкөніс тұздаушы" | 25 | 25 | 0 |
| 49 | 1302000 "Автоматтандыру және басқару" | 1302012 "Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика слесарі" | 25 | 0 | 25 |
| 50 | 1304000 "Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету" | 1304012 "Электрондық есептеу машиналарының операторы" | 100 | 100 | 0 |
| 51 | | 1304082 "Электрондық-есептеу машиналарын баптаушы" | 75 | 50 | 25 |
| 52 | 1305000 "Ақпараттық жүйелер" | 1305011"Дизайнер" | 175 | 125 | 50 |
| 53 | 1306000 "Радиоэлектроника және байланыс" | 1306012 "Телекоммуникациялық желілер және жүйелер бойынша электромонтер" | 125 | 75 | 50 |
| 54 | | 1306022 "Телефон байланысы электромонтері" | 25 | 25 | 0 |
| 55 | | 1306032 "Байланыс операторы" | 30 | 0 | 30 |
| 56 | | 1306052"Байланыс кабелін монтаждаушы" | 25 | 0 | 25 |
| 57 | 1401000 "Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану" | 1401012 "Тас қалаушы" | 25 | 25 | 0 |
| 58 | | 1401022 "Ағаш ұстасы" | 25 | 0 | 25 |
| 59 | | 1401042 "Сылақшы" | 37 | 12 | 25 |
| 60 | | 1401052 "Бояушы" | 13 | 13 | 0 |
| 61 | | 1401062 "Бетоншы" | 14 | 0 | 14 |
| 62 | | 1401032 "Құрылыс шебері" | 25 | 25 | 0 |
| 63 | | 1401222 "Қаңқа-қаптауыш құрастырылымдар құрастырушысы" | 25 | 25 | 0 |
| 64 | 1401242 "Кең бейінді құрылыс шебері" | 50 | 0 | 50 | |

| | | | | | |
|---------|--|---|------|------|------|
| 65 | 1402000 "Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану" | 1402132"Автогрейдер машинисі" | 33 | 25 | 8 |
| 66 | 1403000 "Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану" | 1403012 "Слесарь-сантехник" | 25 | 25 | 0 |
| 67 | 1405000 "Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану" | 1405012 "Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі" | 50 | 25 | 25 |
| 68 | 1407000 "Гидротехникалыққұрылыс" | 1407013 "Техник-гидротехник" | 25 | 25 | 0 |
| 69 | 1501000 "Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу" | 1501012 "Ауыл шаруашылық өндірісіндегі тракторшы-машинисі" | 80 | 25 | 55 |
| 70 | | 1501022 "Машина механизмдерін жөндеу және пайдалану мастері" | 25 | 25 | 0 |
| 71 | 1502000 "Агрономия" | 1502012 "Зертханашы" | 25 | 25 | 0 |
| 72 | 1504000 "Фермер шаруашылығы" | 1504042 "Аспазшы" | 75 | 25 | 50 |
| 73 | | 1504062 "Ауылшаруашылық өндірісіндегі тракторшы-машинисі" | 385 | 250 | 135 |
| 74 | | 1504092 "Электр жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі электрмонтер" | 307 | 175 | 132 |
| 75 | 1509000 "Экология және табиғатты қорғау қызметі" | 1509023 "Ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының технигі" | 25 | 25 | 0 |
| 76 | | 1509053 "Техник-технолог" | 25 | 25 | 0 |
| 77 | 1511000 "Жерге орналастыру" | 1511012 "Сызушы" | 100 | 100 | 0 |
| 78 | 1513000 "Ветеринария" | 1513022"Жануарлар мен құстарды жасанды ұрықтандыру операторы" | 17 | 0 | 17 |
| 79 | | 1513032 "Ветеринарлық санитар " | 213 | 115 | 98 |
| Барлығы | | | 7152 | 5065 | 2087 |